



Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 132 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 8 сәуірде № 20339 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

А. Аймағамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 7 сәуірдегі
№ 132 бұйрығымен бекітілді

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысандарында:

нысан тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Орта білім беру ұйымдарының педагогтерінің жеке құрамын есепке алу кітабы";

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы нысанында:

бірінші және екінші бөлік келесі редакцияда жазылсын:

"Ескерту: Мектептің педагогтерінің жеке құрамын есепке алу кітабы (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) барлық орта білім беру ұйымдарда жүргізіледі.

Жұмысқа кірген педагогтер келесі нөмір тәртібімен жазылады. Бір бетке 10 адамнан артық жазылмайды."

2. "Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 661 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5106 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2008 жылғы 28 мамырда № 5 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру ережесінде:

4-тармақтың 1) тармақшасына орыс тілінде өзгерту енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

8-тармақтың 1) тармақшасына орыс тілінде өзгерту енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

8-тармақтың 4) тармақшасына орыс тілінде өзгерту енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

8-тармақтың 7) тармақшасына орыс тілінде өзгерту енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-қосымшада:

9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"9. Шетел азаматтарымен жинақталған топтар, тілдік даярлықты ұйымдастыру, үлгерімі нашарлармен жұмыс, шетелдіктерді оқытумен айналысатын оқытушылардың біліктілігін көтеру жүйесін ұйымдастыру, шетел азаматтарының білім алушылармен және педагог және ғылыми қызметкерлерімен жеке жоспарларды орындау туралы, шетел азаматтарының болашақтағы еңбек қызметінің ерекшеліктерін есепке алатын арнайы курстар,

арнайы семинарлар тізімі, шетел азаматтары - білім алушылар үшін педагог және ғылыми қызметкерлермен дайындалған оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтар тізімін қоса қарастыру принципімен оқу үдерісін, әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы қысқаша ақпарат."

3. "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 274-278 (27352) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес, Phd докторы, бейіні бойынша доктор (маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысын ұсынған мемлекеттік қызметшілер, педагогтер және ғылыми қызметкерлер, арасынан) дәрежесін алу үшін оқытуды ұйымдастыруға;"

2-тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"3) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (конкурсқа мемлекеттік қызметшілер, педагогтер және ғылыми қызметкерлер, инженерлік-техникалық қызметкерлер, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының қызметкерлері санаттары бойынша қатысқан адамдар үшін);"

Phd докторы, бейіні бойынша (маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысын ұсынған мемлекеттік қызметшілер, ғылыми, педагог қызметкерлер арасынан) доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шарттың тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Phd докторы, бейіні бойынша (маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысын ұсынған мемлекеттік қызметшілер, ғылыми, педагогтер арасынан) доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған **ҮЛГІЛІК ШАРТ**";

Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған (конкурсқа мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, инженерлік-техникалық қызметкерлер, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлер, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының қызметкерлері санаттары бойынша қатысқан адамдар үшін) үлгілік шарттың тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған (конкурсқа мемлекеттік қызметшілер, педагогтер, ғылыми қызметкерлер, инженерлік-техникалық қызметкерлер, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлер, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының қызметкерлері санаттары бойынша қатысқан адамдар үшін) үлгілік шарт".

4. "Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 99 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7547 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2012 жылғы № 8 (тираждың шыққан уақыты 24 шілдедегі 2012 ж.)) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орындаушылардың республикалық конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларында:

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Конкурстардың негізгі міндеттері оқушы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту Қазақстан Республикасында музыкалық білім беруді жетілдіру мен дамыту, орындаушыларды оқытудың жаңа тиімді әдістемелерін іріктеу және енгізу, білім беру ұйымдары педагогтерінің шығармашылық қызметін ынталандыру болып табылады."

5. "Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 228 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8565 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2013 жылғы 21 тамыздағы № 256 (27530) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"9. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының білім беру және тәрбиелеу процесіне қатысушылар балалар, педагогтер және білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.";

32-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"32. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, оқытудың жаңаша технологияларын енгізуге және әзірлеуге, педагогтер біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз етуге бағытталған оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылады."

6. "Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8544 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 265 (27539) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидасында:

18-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"18. Ақыл - есі кемістігінің күрделі түрі бар білім алушы кейбір пәндерден оқу бағдарламасын игере алмаған жағдайда оны оқыту жеке жоспарға сай жүргізіледі және оның білімі жетістіктері жеке ілгерілуімен бағаланады. Мектеп-интернаттың педагогикалық кеңесі балалардың үлгермеу себептерін зерделеу арқылы деректердің негізінде оларды жеке жоспар бойынша оқытуға көшіру туралы шешім қабылдайды. Педагогтердің әр пән бойынша жеке жоспарлары әр оқу жылына жасақталады және педагогикалық кеңесте бекітіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидаларында:

9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"9. Ақыл - ой кемістігінің күрделі түрі бар білім алушы кейбір пәндерден оқу бағдарламасын игере алмаған жағдайда оны оқыту жеке жоспар бойынша жүргізіледі және оның білімі жеке жетістіктеріне сәйкес бағаланады. Балаларды жеке жоспар бойынша оқытуға көшіру мектеп-интернаттың педагогикалық кеңесінің үлгермеу себептерін зерделеу арқылы қабылданған шешімнің негізінде жүзеге асырылады. Педагогтердің әр пән бойынша жеке жоспарлары әр оқу жылына жасалады және педагогикалық кеңесте бекітіледі.";

19-тармаққа орыс тілінде өзгерту енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;
20 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"20. Мектеп-интернаттың басшылары мен педагогтері Заңға сәйкес аттестаттаудан өтуге тиіс."

7. "Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8621 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2013 жылғы 2 қасанда № 286 (27560) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектеп, мамандандырылған лицей, (мамандандырылған мектеп-лицей), мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия) қызметінің үлгілік қағидаларында:

29-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"29. Мамандандырылған мектептердің педагогтеріне ғылыми дәрежесі үшін мынадай қосымша ақы:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-лицей-интернат, мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат, мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж), мамандандырылған хореография мектеп-интернаты (мамандандырылған хореография мектеп-интернат-училищесі), мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, "Білім-инновация" лицей-интернаты қызметінің үлгілік қағидаларында:

33-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"33. Мектеп-интернатының педагогтеріне ғылыми дәрежесі үшін мынадай қосымша ақы:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мамандандырылған мектеп-кешені қызметінің үлгілік қағидаларында:

"35. Мектеп-кешенінің педагогтеріне ғылыми дәрежесі үшін мынадай қосымша ақы:".

8. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 369 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 8828 болып тіркелген, "Қазақстанская правда" газетінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 43 (27664) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

16-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"16. Колледждегі білім алушылар мен педагогтердің құқықтары мен міндеттері білім саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.";

23-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"23. Колледждердің білім беру процесіне қатысушылар: білім алушылар мен ата-аналар, педагогтер мен кәмететке толмаған білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.";

27-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"27. Колледждердің педагогтер лауазымдарын ауыстыру меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.";

50-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"50. ЖК-ның білім беру процесіне қатысушылар: білім алушылар мен ата-аналар, педагогтер мен кәмететке толмаған білім алушылардың заңды өкілдері, жұмыс берушілер болып табылады.";

52, 53 және 54-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"52. Мемлекеттік ЖК-дағы педагогтер лауазымдарының саны мен тізбесі Үлгілік штаттар негізінде, жеке меншік ЖК Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құрылтайшылары немесе оған уәкілетті адам айқындайды.

53. ЖК-ның педагогтеріне білім алушыларды оқытумен және тәрбиелеумен байланысты кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлғалар жатады.

54. ЖК-ның педагогтер лауазымдарын ауыстыру меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

77-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"77. Училищелердің білім беру процесіне қатысушылар білім алушылар, ата-аналар, педагогтер және кәмелетке толмаған білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.";

79 және 80-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"79. Училищелердегі педагогтер саны мен педагогикалық қызметкерлер лауазымдарының тізбесі Үлгілік штаттар негізінде айқындалады.

80. Училищелердің педагогтер лауазымдарын ауыстыру меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.";

100-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"100. Орталықтың педагогтеріне білім алушыларды оқытумен және тәрбиелеумен байланысты кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлғалар жатады.";

112, 113 және 114-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"112. Оқу орталығының басшысы түзету мекемесінің басшысымен келісу бойынша Оқу орталығының басшы педагогтерін, оқу-әдістемелік персоналын лауазымдарға тағайындайды және босатады. Оларды жұмысқа қабылдау және босату тәртібі Оқу орталығының Жарғысында айқындалады.

113. Оқу орталығы басшысының, басшы, педагогтерінің, оқу-әдістемелік персоналының құқықтары мен міндеттері Оқу орталығының жарғысымен және түзету мекемесінің ішкі тәртіп қағидаларымен айқындалады.

114. Оқу орталығының басшысы және педагогтер тәрбиешілер жасақтары кеңестерінің құрамына кіреді, сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысына мекеме әкімшілігімен бірлесіп қатысады.";

115-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) Оқу орталығы әкімшілігінің, педагогтерінің және оқу-көмекші персоналының мекеме бөлімдері және қызметтерімен сотталғандарды оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша өзара байланысын қамтамасыз етеді";

132, 133, 134 және 135-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"132. Колледж басшысы түзету мекемесінің бастығымен келісу бойынша Колледждің басшы, педагогтерін, оқу-әдістемелік персоналын лауазымдарға тағайындайды және босатады. Оларды тағайындау және босату тәртібі Колледждің Жарғысында айқындалады.

133. Колледждің басшы, педагогтерінің, оқу-әдістемелік персоналының құқықтары мен міндеттері Колледж Жарғысымен айқындалады.

134. Колледждің басшысы және педагогтер тәрбиешілер жасақтары кеңестерінің құрамына кіреді, сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысына мекеме әкімшілігімен бірлесіп қатысады.

135. Колледждің басшы, педагогтері және оқу-тәрбие персоналы штатын облыстық (қалалық) білім бөлімі айқындайды.";

136-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) Колледж әкімшілігінің, педагогтерінің және оқу-көмекші персоналының мекеме бөлімдерімен және қызметтерімен сотталғандарды оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша өзара байланысын қамтамасыз етеді;"

139-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"139. Жабдықтар сатып алу, сондай-ақ Колледж орынжайларын ұстауға (коммуналдық қызметтер, ағымдық жөндеу және өзге де шығыстар) байланысты шығыстар, қызмет көрсететін персоналға еңбекақы төлеу түзету мекемелерінің қаражаты есебінен жүргізіледі. Басшы және педагогтердің, оқу-тәрбие персоналының еңбегіне ақы төлеу жергілікті бюджеттердің білім беруге көзделген қаражаты есебінен төленеді."

9. "Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8829 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 72 (27693) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

4-тармақтың 5) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"5) әдіскер - оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты орындайтын білім бөлімінің немесе ұйымның педагогтері;"

4-тармақтың 7) және 8) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"7) әдістемелік кабинет - білім беруді басқару органдарының ұйымдастыру - әдістемелік сүйемелдеуді, білім беру процесінің нәтижелілігін талдау мен бағалауды, педагогтың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруіне жәрдемдесетін инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен таратуды қамтамасыз ететін білім беруді басқару органдарының құрылымдық бөлімшесі;

8) оқу-әдістемелік жұмыс - оқу-тәрбиелік процесін психо-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік қамтамасыз ету, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарындағы педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет.";

21-тармаққа орыс тілінде өзгерту енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

26-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"26. Әдістемелік орталықтардың (кабинеттердің) құрылымы мен штаттары білім беру ұйымдарының мақсаттары мен міндеттеріне, ерекшеліктеріне педагогтердің санына қарай қалыптастырылады және құрылтайшы келісімімен анықталып, ұйым басшысымен бекітіледі.";

40-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"40. Орталықтың педагогтеріне білім алушыларды оқыту және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын тұлғалар жатады."

10. "Педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін орындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 388 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9821 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 28 (27904) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін орындау қағидаларында:

6-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"6. Басшы күнтізбелік бір күн ішінде:

1) қызметкердің педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруына тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот үкімінің көшірмесін алғанда;

2) педагогтың педагог лауазымын атқару құқығынан айырылғандығы туралы сот үкімінің бар екені немесе жасырылғаны анықталған жағдайда оны атқарып отырған лауазымынан босатады.

Бұл ретте педагогке кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты өзге жұмыс ұсынылмауы тиіс.";

8-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"8. Басшы жылына бір рет педагогтердің педагог лауазымын және кәметке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салынған шектеулерінің бар-жоғы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық органдарымен тұрғылықты жері бойынша пробация қызметінен салыстырып тексеріп отыруға міндетті."

11. "Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10916 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларында:

5-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Эксперименттік білім беру бағдарламаларын әзірлеуді педагогтер, ғалымдар, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер жүзеге асырады.";

6-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) педагогикалық және педагогтер, ғылыми қызметкерлерді кәсіби даярлау және қайта даярлау;"

12. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің, сондай-ақ пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

13. "Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №

708 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 832 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12844 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметінің субъективті критерийлерінде:

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

16	Педагогтердің педагогтік әдеп нормалары мен міндеттерін орындауы	елеулі
----	--	--------

";

реттік нөмірлері 19 және 20-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

19	Педагогтердің тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімінің болуы	елеулі
20	Педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімдерінің сақталуы	елеулі

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары қызметінің субъективті критерийлерінде:

реттік нөмірлері 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

9	Педагогтердің тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімінің болуы	елеулі
10	Педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімдерінің сақталуы	елеулі

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы 3-қосымшада:

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

16	Педагогтердің педагогтік әдеп нормалары мен міндеттерін орындауы				
----	--	--	--	--	--

";

реттік нөмірлері 19 және 20-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

19	Педагогтердің тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімінің болуы				
20	Педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімдерінің сақталуы				

--	--	--	--	--	--	--

”;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы 4-қосымшада:

реттік нөмірлері 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын: ”

9	Педагогтердің тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімінің болуы				
10	Педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімдерінің сақталуы				

”;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы 6-қосымшада:

реттік нөмірлері 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

6	Педагогтердің тиісті бейіні бойынша әлеуметтік педагогикалық немесе кәсіби білімдерінің бар болуы				
7	Педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімдерінің сақталуы				

”.

14. "Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13067 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 2 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесінде:

2-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2. Ереже сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша педагогке (бұдан әрі - сынып жетекшісі) жүктелген функцияларды айқындайды.";

10-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"педагогтермен және білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының басқа қызметкерлерімен, білім алушылардың ата-аналарымен және басқа заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау, оларға білім алушыларды тәрбиелеуде көмек көрсету (жеке, психолог, әлеуметтік педагог, қосымша білім беру педагогы арқылы);";

10-тармақтың 1) тармақшасының жиырмамыншы абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтермен өзара әрекеттесу;"

14-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) психологтың және жеке педагогтердің кеңесін алады;"

15. "Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 42 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13076 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 25 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларында:

3-тармақтың бірінші бөлігі келесі редакцияда жазылсын:

"3. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандық (қалалық) білім бөлімдері жыл сайын:"

6-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"6. Сабақ тоқтатылған күндері білім беру ұйымының қызметі бекітілген жұмыс режиміне, педагогтердің қызметі белгіленген оқу жүктемесіне, сабақ кестесіне, басқа қызметкерлердің қызметі жұмыс уақытының режиміне, ауысым кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.";

3 бөлімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"3. Сабақ тоқтатылған күндері мектептердегі педагогтердің функциясы".

16. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламалары және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарында:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.";

2-тармақтың 1), 2), 3), 4), және 5) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"1) апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - республикалық апелляциялық комиссия) - педагогтардың ұлттық біліктілік тестілеуі нәтижелерімен келіспеуі жағдайында туындайтын даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайтын, білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия;

2) біліктілік санаты - осы Қағидалармен айқындалатын біліктілік талаптарына сай келетін педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейі;

3) біліктілік тестілеуі - білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тестілер бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін айқындауға бағытталған рәсім;

4) кезекті аттестаттау - әр бес жыл өткен сайын педагогтарға біліктілік санатын беру (растау) үшін мерзімді жүзеге асырылатын рәсім;

5) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау - келесі көрсеткіштер негізінде педагогтардың кәсіби құзыретін жүйелі, бірізді және объективті зерделеу: білім алушылардың (тәрбиеленушілер) білім сапасы, іскерлігі мен дағдылары, жетістіктері, сабақ беру (тәрбиелеу және оқыту) сапасы және аттестаттау кезеңіндегі кәсіби жетістіктері;"

2-тармақтың 7) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"7) педагогтардың біліктілігін арттыру - білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен оқыту мен сабақ беру сапасын арттыру үшін кәсіби білімін, іскерлігін, дағдыларын және құзыреттілігін жаңартуға, сондай-ақ бұрын алғандарын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін оқыту;"

2-тармақтың 9) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"9) ұлттық біліктілік тестілеуі - білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым әзірлеген тестілер бойынша бастауыш, негізгі орта және

жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындауға бағытталған рәсім.";

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу үшін тиісті деңгейдегі: білім беру ұйымдарында, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінде, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларында, білім беру саласындағы уәкілетті органда (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органдарында аттестаттау комиссиялары құрылады.";

7 және 8-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"7. Салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдарының педагогтарды аттестаттауды білім беру ұйымдарының және салалық мемлекеттік органдардың аттестаттау комиссиялары жүзеге асырады.

8. Салалық органдарда білікті мамандар болмаған жағдайда білім беру ұйымының басшысы білім беруді басқару органына педагогтарды аттестаттау туралы өтінішпен жүгінеді.";

2-бөлім тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары";

1-тарау тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары";

1-параграф тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды кезекті аттестаттаудан өткізу тәртібі";

10-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау кезекті немесе мерзімінен бұрын болып бөлінеді.";

12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"12. Педагогтарды біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттау (бұдан әрі - біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар) аттестатталушы қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау жолымен бір кезеңде жүзеге асырылады.";

15-тармақтың бірінші, екінші және үшінші абзацтары келесі редакцияда жазылсын:

"екінші біліктілік санатына - білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагогтері, ҚР "Атамекен" ҰКП-ның, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

бірінші біліктілік санатына - аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагогтері, біліктілікті арттыру институттарының өкілдері, ҚР "Атамекен" ҰКП-ның, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

жоғары біліктілік санатына - облыс деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің немесе орталықтардың әдіскерлері және облыстың білім беру ұйымдарының, біліктілікті арттыру ұйымдарының жоғары білікті педагогтері, ҚР "Атамекен" ҰКП-ның, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері.";

16-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) барлық аттестатталушы педагогтердің міндетті ұсынуы үшін қажетті құжаттардың көшірмелері:";

16-тармақтың 2) тармақшасының сегізінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"педагогикалық қызмет нәтижелері: педагогтердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу, шығармашылық, спорттық, пәндік олимпиадаларға, конкурстарға, байқауларға, жарыстарға, ойындарға қатысуын растайтын құжаттар, марапаттау материалдары.";

2-параграф тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді мерзімнен бұрын аттестаттаудан өткізу тәртібі";

27-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"27. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау олардың біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өтуін ескере отырып жүргізіледі.";

35-тармақтың бірінші, екінші және үшінші абзацтары келесі редакцияда жазылсын:

"екінші біліктілік санатына - білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагогтері, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

бірінші біліктілік санатына - аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагогтері, біліктілікті арттыру институттары, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

жоғары біліктілік санатына - облыс деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері немесе облыстық білім беру ұйымдарының, біліктілікті арттыру ұйымдарының жоғары

білікті педагогтері, "Атамекен" ҚР ҰҒП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, жұмыс берушілер өкілдері кіреді.";

37-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) барлық аттестатталатын педагогтердің міндетті түрде ұсынуы үшін қажетті құжаттардың көшірмелері:";

37-тармақтың 2) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтары келесі редакцияда жазылсын:

"педагогтер қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау қорытындылары: пікірлер, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, ата-аналарға, әріптестеріне және әкімшіліктерге сауалнама жүргізу нәтижелері, тәжірибе базасы басшыларының, жұмыс берушілердің пікірлері, ЖОО-ға түсу немесе жұмысқа орналасу туралы ақпарат;

педагогикалық қызмет нәтижелері: педагогтердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу, шығармашылық, спорттық, пәндік олимпиадаларға, конкурстарға, байқауларға, жарыстарға, ойындарға қатысуын растайтын құжаттар, марапаттау материалдары.";

2-тарау тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары";

45-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"45. Білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтерді аттестаттау кезекті немесе мерзімінен бұрын болып бөлінеді.";

1-параграф тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді кезекті аттестаттаудан өткізу тәртібі";

61-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"педагогтердің деректерін: ЖСН, аты-жөнін (бар болса әкесінің атын), өтініш берілген біліктілік санатын, пән атауын және тапсыру тілін енгізе отырып, біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың базасын қалыптастыру үшін";

90-тармақтың бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтары келесі редакцияда жазылсын:

"педагог-модератор" біліктілігі санатына - білім беру ұйымдары деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: білім беру ұйымдарының жоғары білікті педагогтері, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

"педагог-сарапшы" біліктілік санатына - аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагогтері, біліктілікті арттыру, ұйымдары, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санатына - облыс деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік орталықтардың әдіскерлері, облыстың жоғары білікті педагогтері, біліктілікті арттыру, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

"педагог-шебер" біліктілік санатына - облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік орталықтардың әдіскерлері және облыстың білім беру ұйымдарының, біліктілікті арттыру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің жоғары білікті педагогтері, қамқоршылық кеңестер, "Атамекен" ҚР ҰКП, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді, оның құрамы облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.";

104-тармақтың үшінші бөлігі келесі редакцияда жазылсын:

"Әдістемелік жұмысқа ауысқан кезде педагогтің бұрын берілген санаты сақталады.";

105-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"105. Педагогтерге біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, жасына байланысты зейнетақыларға дейін төрт жылдан аспайтын

